

Кәсіптік бағдар бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған жылдық есебі

Оқу жылының басында кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Кәсіптік қабілеттерін зерттеу аясында 11 сынып оқушылардың бағыттылығы мақсатында Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі арқылы сауалнама жүргізілді. Тест қорытындысы бойынша әр салаға өзінің бойындағы қасиеттері жақын екендігі жайында оқушыларға айтып түсіндірілді.

Кәсіптік бағдар беру және ұлттық бірыңғай тестке дайындалу бойынша 11-сыныппен психолог Қожабаева Г.Ж тренинг өткізді. Кәсіптік бағдар бойынша «Сіздің кәсіби мансабыңыз», «Мамандықтар әлемінде», «Түлекке көмек» тақырыбында әр түрлі кеңестер берілді.

«Оқуға қайда бару керек» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында отырыстар өткізілді.

«Жасөспірімдерді мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау процесінде ата-аналардың ролі» тақырыбында 11 сынып ата-аналарына жиналыс өткізілді. Оқушының бойындағы үрейді бақылау және де көптеген қолдаулар қажет екендігі айтылып түсіндірілді.




Оқушыларға мамандықтың түрлері және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында 9-11 сынып оқушылар арасында «Кім боламын?» атты тренинг өткізілді. «Сенің ерекше қабілетің» атты тренингтен басталып, миға шабуыл ретінде көптеген сұрақтарға жауаптар алынды. Бұл тренингтен өздеріне көптеген мамандық иелері туралы және олардың жасап отырған кәсібі жайында көптеген ақпараттар алды.

Сынып жетекшісінің қолдауымен мамандықтар әлемі жайында танымдық ой өрісін кеңейту мақсатында 7 сынып оқушылар арасында «Не? Қайда? Қашан?» атты интеллектуалды сайыс өткізілді. Екі топта керемет белсене қатысты, қатысушылар өз білімдерін ойларын жеткізе алды. Әр топты бағалау мақсатында мадақтамалармен табысталды.

Жоспары бойынша «Мамандығым-болашағым» жобасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау мақсатында Оқушылар оқу орындарының мамандықтары бойынша оқуға түсу туралы толық ақпараттар алды.

Кәсіптік бағдар беру бойынша 8-9 сынып оқушыларына Алматы ауданы Берсиев колледжі ашық есік күнін өткізді.

Оқушы бойында мамандық таңдауға деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында бастауыш буын оқушылары арасында «Менің болашақ мамандығым» атты сурет байқауы ұйымдастырылды.



Мамандық таңдауда бағыт бағдар беру мақсатында оқу орындарының өкілдері және студенттерімен кездесу ұйымдастырылды.


Әр түрлі оқу орындарынан алынған ақпараттар оқушыларға таратылып толығымен таныстырылып отырды.

<https://www.instagram.com/reel/C5sJXylonJk/?igsh=MnZnc2x5anF6ZDcx>

<https://www.instagram.com/reel/C52O4I0IBo1/?igsh=MTNsNzRwdTJ6cHFtYQ=>

Оқушылардың кәсіби бейімділік қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Мамандықтар әлемінде» тақырыбы бойынша орта буын оқушылары арасында мамандықтар таныстырылды

https://www.instagram.com/reel/C5_EVm5sjmH/?igsh=MXVodHJteGxqb3c0bg==



Оқушылардың қай кәсіпке қызығушылығы басым екендігін білу мақсатында А.Голомшоктың «Қызығушылық картасы» әдістемесі арқылы 9-11 сынып оқушыларына сауалнама жүргізілді.

9 сынып оқушыларының кәсіби жоспарын, мамандық таңдау мотивтері мен кәсіби бағыттылығының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында «Оптант» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесінде оқушылардың көбінің кәсіби

жоспары бар, белгілі бір мамандық түрін таңдап отыр, мамандықты алдын алу жолдарын қарастырған, дұрыс таңдау жасағанына сенімділіктері жоғары.

«Дұрыс таңдалған мамандық болашақтың жарқын кепілі» мақсатында 11 қазақ-орыс сынып оқушыларына «Мамандықтар әлемінде» тақырыбы бойынша орта буын сынып оқушыларына арнап сынып сағаттары өткізілді.

Мамандық таңдауға байланысты жекеленген оқушыларға психологиялық кеңестер беріледі



9-11 сынып оқушыларына жоғары оқу орындары мен колледждер туралы ақпараттар берілді. <https://www.instagram.com/reel/C6cJOv-Mdq8/?igsh=MWd3MzQ5MTNmOTRiaw==>

Жоғары оқу орындары мен колледждердегі ашық есік күні ұйымдастырылды.

Әлеуметтік желі арқылы көптеген ақпараттар беріліп отырылды. 7-8 сынып оқушыларынан алдын ала бағыт беру аясында диагностика алынды. «Менің болашақ мамандығым» атты шығармашылық сайыс өткізілді. «Сенің таңдауың қандай?» тақырыбы бойынша жоғары колледжі 9-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жүргізді. Мамандық таңдау бойынша жеке кеңестер берілді.